



Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 29 наурыздағы № 303 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 23 маусымдағы № 475 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 23.06.2015 № 475 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

БАСПАСӨЗ РЕЛИЗИ

«Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 38-2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары бекітілсін.
2. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы Қағидалардың 15, 20, 23, 24, 25-тармақтарын, 26-тармақтың 1) және 3) тармақшаларын, 27, 28, 29 және 30-тармақтарын қоспағанда, 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

С. Ахметов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 1 3

ж ы л ғ ы

2 9

н а у р ы з д а ғ ы

№

3 0 3

қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Электр энергетикасы туралы» 2004 жылғы

9 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 4-бабының 38-2) тармақшасына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібін айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар мен анықтамалар қолданылады:

1) генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттау – жүйелік оператор жүргізетін және электр қуатының нарығына қатысу үшін жүктеме көтеруге энергия өндіруші ұйымдар (жұмыс істеп тұрғандардың да, жаңадан пайдалануға берілгендердің де) генерациялайтын қондырғылардың техникалық әзірлігін айқындауға бағытталған іс-шаралар;

2) аттестатталған электр қуаты – энергия өндіруші ұйымның генерациялайтын қондырғыларда жүктемені көтеруге дайын электр қуаты;

3) электр энергиясының және қуатының болжамды теңгерімі – жүйелік оператор әзірлеген және уәкілетті орган бекіткен электр энергиясын тұтынудың/ өндірудің болжамды көлемі, тұтынудың/генерациялаудың ең жоғарғы қуаты, Қазақстанның бірыңғай электр энергетикалық жүйесінің (бұдан әрі - БЭЖ) электр қуатының резерві және электр энергиясының экспортының/импортының б о л ж а м д ы к ө л е м д е р і ;

4) генерациялайтын қондырғылардың технологиялық минимумы - генерациялайтын қондырғылар генерациясының ең аз қуаты;

5) электр қуатының нарығы – энергия өндіруші ұйымдардың генерациялайтын жабдықтың электр энергиясын өндіруге әзірлігі жағдайында ұстап тұруға, қолда бар өндірістік активтерді жаңартуға, ұстап тұруға, қайта жаңартуға және техникалық қайта жарақтандыруға, сондай-ақ оларды құруға байланысты электр энергиясының көтерме сауда нарығы субъектілері арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесі;

б) орталықтандырылған сауда нарығының операторы (бұдан әрі – нарық операторы) – электр энергиясының спот-сауда-саттығын қоса алғанда, электр энергиясының және электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтің орталықтандырылған сауда-саттығын жүзеге асыратын ұйым;

7) электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызмет (бұдан әрі – қуатты ұстап тұру бойынша қызмет) – энергия өндіруші ұйымдардың белгіленген тәртіппен аттестатталған генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін ұстап тұру бойынша жүйелік операторға к ө р с е т е т і н қ ы з м е т і ;

8) электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша көрсетілетін қызмет (бұдан әрі - қуатты қамтамасыз ету бойынша қызмет) – Қазақстан Республикасының бірыңғай электр энергетикалық жүйесінде белгіленген тәртіппен аттестатталған, генерациялайтын қондырғылар электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша жүйелік оператор

9) электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығы - электрондық сауда жүйесінде энергия өндіруші ұйымдар мен жүйелік оператор арасында электр қуатының (тендерлік негізде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын қоспағанда) әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көрсету туралы шарттар жасасуға бағытталған процесс;

10) электр қуатының спот-сауда-саттығы – бір күн бұрын режимінде қысқа мерзімді негізде электрондық сауда жүйесінде электр қуатының (тендерлік негізде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын қоспағанда) әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтердің ұйымдастырылған саудасы.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын басқа ұғымдар мен анықтамалар электр энергетикасы саласындағы Қазақстан Республикасының Заңы мен нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қолданылады.

3. Энергия өндіруші ұйым электр қуаты нарығына жүйелік операторға қуатты әзірлікте ұстап тұру бойынша қызметтерді жеткізуші ретінде қатысады.

4. Жүйелік оператор электр қуаты нарығына қуатты әзірлікте ұстап тұру бойынша қызметтерді тұтынушы, сондай-ақ тұтынушыларға қуатты қамтамасыз ету бойынша қызметтерді жеткізуші ретінде қатысады.

5. Қуатты қамтамасыз ету бойынша қызмет тұтынушылары (бұдан әрі – тұтынушылар) жүйелік оператормен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсетуге арналған шарттарды жасасқан мынадай электр энергиясының көтерме сауда нарығының субъектілері болып табылады :

- 1) көтерме сауда тұтынушылары;
- 2) энергиямен жабдықтаушы ұйымдар;
- 3) энергия беруші ұйымдар.

6. Электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығын ұйымдастыруды және өткізуді нарық операторы Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

2. Электр қуатының нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібі

Электр қуатының ұзақ мерзімді нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібі

7. Электр қуатының ұзақ мерзімді нарығы – электр энергиясына сұранысты қанағаттандыруға және электр қуатының шамасын электр қуатының болжамды теңгерімінің негізінде айқындалған Қазақстан Республикасының біртұтас электр

энергетикалық жүйесінде ұстап тұруға жеткілікті көлемде жаңа электр қуаттарын енгізу үшін инвестициялар тарту мақсатында жұмыс істеп тұрған электр қуатының нарығы.

8. Жүйелік оператор жыл сайын он бесінші қазанға дейінгі мерзімде алдағы жеті жылдық кезеңге электр энергиясының және қуатының болжамды теңгерімін әзірлейді және оны бұқаралық ақпарат құралдарында орналастырады.

9. Уәкілетті орган электр энергиясының және қуатының болжамды теңгерімдерінің негізінде жыл сайын электр қуатының болжамды тапшылығын белгілейді, сондай-ақ электр қуаттарын орналастырудың перспективалық схемасын әзірлейді және бекітеді, оған өзінің интернет-ресурсында орналастыра отырып, тендер өткізілген жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар басымдықпен енгізіледі.

10. Электр қуатының болжамды тапшылығын жабу үшін уәкілетті орган жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар құрылысына тендер өткізу туралы шешім қабылдайды.

11. Уәкілетті орган Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар құрылысына тендер өткізеді.

12. Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар құрылысына арналған тендерге әлеуетті инвесторлар қатысады.

13. Уәкілетті орган тендердің жеңімпазымен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар құрылысына арналған шарт жасасады.

14. Жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылар құрылысына арналған шартты жасасқан күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде жүйелік оператор уәкілетті орган белгілеген баға, көлем бойынша және мерзімге тендердің жеңімпазымен жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын әзірлікте ұстап тұру бойынша қызметтерді сатып алу туралы шарт жасасады.

15. Жүйелік оператор қуатты ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын әзірлікте ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді осы генерациялайтын қондырғылар пайдалануға берілгеннен және аттестаттаудан өткізілгеннен кейін қызметтер көрсету туралы шарт негізінде сатып алады.

Электр қуатының қысқа мерзімді нарығын ұйымдастыру және оның жұмыс істеу тәртібі

16. Электр қуатының қысқа мерзімді нарығы – электр энергиясына сұранысты қанағаттандыруға және электр қуатының шамасын электр қуатының болжамды теңгерімінің негізінде айқындалған Қазақстан Республикасының біртұтас электр энергетикалық жүйесінде ұстап тұруға жеткілікті көлемде

қолданыстағы электр қуаттарын ұстап тұру үшін инвестициялар тарту үшін жұмыс істеп тұрған электр қуатының нарығы.

17. Жүйелік оператор 2015 жылғы 1 наурызға дейін кейін оның мониторингін жүргізумен және тізбеге жаңа тұтынушыларды енгізумен тұтынушылардың тізбесін қалыптастырады және Интернет желісіндегі ресми сайтында жариялайды.

18. Көтерме сауда нарығының субъектілері электр энергиясын және қуатын өндіруге-тұтынуға арналған болжамды өтінімдерді айларға бөле отырып, алдағы жылға қалыптастырады және есепті жылдың алдындағы жылдың бірінші қазанынан кешіктірмей жүйелік операторға жібереді.

19. Жүйелік оператор есепті жылдың алдындағы жылдың он бесінші қазанынан кешіктірмей, көтерме сауда нарығы субъектілерінің электр энергиясын және қуатын өндіруге-тұтынуға арналған болжамды өтінімдерінің негізінде электр энергиясының және қуатының алдағы жылға арналған болжамды теңгерімін әзірлейді.

20. Жүйелік оператор қуатты ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығының қорытындылары бойынша жасалған электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметтер көрсету туралы шарт негізінде сатып алады.

21. Энергия өндіруші ұйымдар электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығына генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын аттестаттауын өткізгеннен кейін қатысады.

22. Жүйелік оператор энергия өндіруші ұйымдардың генерациялайтын қондырғыларының электр қуатын аттестаттауды Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүзеге асырады.

23. Энергия өндіруші ұйымдар электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметтерді электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығында өткізуді аттестатталған электр қуатынан аспайтын көлемде:

1) экспортқа шығарылатын электр энергиясының электр қуатының ең жоғары көлемін;

2) тендерлік негізде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының көлемін;

3) өзінің тұтынуын шегере отырып, жүзеге асырады.

Энергия өндіруші ұйым сататын электр қуатын ұстап тұру бойынша қызмет көрсету көлемі былайша айқындалады:

$$P_{\text{кызм}} \leq P_{\text{ат}} - P_{\text{өн+шн}} - P_{\text{өзіндік тұтыну}} - P_{\text{экс}}, \text{ мұндағы}$$

$P_{\text{ат}}$ - аттестатталған электр қуатының шамасы;

$P_{\text{өн+шн}}$ - энергия өндіруші ұйымның өзіндік және шаруашылық қажеттілігіне

тұтынуға арналған ең үлкен қуат;
 $P_{\text{өзіндік тұтыну}}$ - энергия өндіруші ұйымның құрамына кіретін өндірістік кәсіпорындардың өзіндік тұтынуының ең үлкен қуаты;
 $P_{\text{экс}}$ - экспортқа шығарылатын электр энергиясын жеткізудің ең үлкен қуаты.

24. Өз құрамында генерациялайтын қондырғылары бар кәсіпорынға көрсетілген қуатты қамтамасыз ету бойынша қызметтің нақты көлемі тұтынудың нақты максималды электр қуаты мен өзінің генерациялайтын қондырғыларының нақты электр қуатының айырмасы ретінде айқындалады.

25. Қуатты ұстап тұру бойынша қызметтер көрсету туралы шартпен айқындалған қуат шамасының төмендеуіне алып келген генерациялайтын қондырғыларының авариялық және жоспардан тыс жөндеу жұмыстары кезінде қызмет құнын есептеу кезінде қуатты ұстап тұру бойынша қызмет көрсетілген нақты көлемін азайтатын авариялық коэффициент қолданылады. Бұл ретте, авариялық коэффициент мынадай формула бойынша есептеледі:

$K_{\text{ав}} = (C_{\text{ай}} - C_{\text{АР}}) / C_{\text{ай}}$, мұндағы

$C_{\text{ай}}$ - есептік айдағы сағат саны;

$C_{\text{АР}}$ - генерациялық қондырғылардың авариялық, жоспардан тыс жөндеу жұмыстарында тоқтап тұрған нақты сағат саны.

26. Энергия өндіруші ұйымдар электр қуаты нарығында өз қызметін жүзеге асырғанда:

1) тендерлік негізде жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатын қоспағанда, қуатты ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметке арналған шекті тарифтен аспайтын баға бойынша қуатты ұстап тұру бойынша көрсетілетін қызметті өткізуді жүзеге асырады;

2) жүйелік операторға электр энергиясының және қуатының электр жүктемені көтеруге дайын болжамды көлемін ұсынады;

3) жүйелік оператор диспетчерінің командасы бойынша қуатты ұстап тұру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарттарға сәйкес жүктемені көтеруге техникалық әзірлігін растау мақсатында генерациялауды арттыруды орындайды. Жүйелік оператор диспетчерінің командаларын орындау нәтижесінде қосымша өндірілген электр энергиясы электр энергиясының теңгерімдеуші нарығында қаржылай реттеледі.

27. Қуатты ұстап тұру бойынша қызметті толық көлемде электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығында сатпаған, немесе генерациялайтын қондырғыларды жаңғыртуды және/(немесе) қайта құруды өткізу нәтижесінде аттестатталған электр қуаты артқан жағдайда энергия өндіруші ұйым электр қуатының спот-сауда саттығына қатысады.

28. Энергия өндіруші ұйым электр энергиясын экспортқа шығарғанда энергия өндіруші ұйымдардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұруға шығындары электр энергиясын экспорттауға арналған шартта ескеріледі.

29. Жүйелік оператор электр қуаты нарығында өз қызметін жүзеге асырғанда:

1) қуатты ұстап тұру бойынша қызметті электр қуатының орталықтандырылған сауда-саттығында және жаңадан пайдалануға берілетін генерациялайтын қондырғылардың электр қуатының әзірлігін ұстап тұру бойынша қызметті сатып алу жөнінде шарт негізінде сатып алады. Қуатты ұстап тұру бойынша қызметтің көлемі Қазақстан Республикасы электр энергиясы көтерме сауда нарығының субъектілері тұтынушының максималды электр қуатымен және электр қуатының бекітілген болжамды теңгерімінде көзделген электр қуатының қажетті резервімен айқындалады, бұл ретте, тұтынудың электр қуатының нақты максималды көлемі қуаттың орташа арифметикалық орта сағаттық мәні ретінде жұмыс күндерінде бақылау сағаттарында күнтізбелік ай үшін есептеледі. Бұл ретте, бақылау сағаттары 17-00-ден 23-00-ге дейінгі кезең болып табылады (Астана уақыты);

2) қуатты ұстап тұру бойынша қызметті энергия өндіруші ұйымдар – жылу электр орталықтарынан (бұдан әрі - ЖЭО) жылу электр орталықтың өзінің тұтынуын және шаруашылық қажеттілігін, өзінің максималды тұтынуын, экспортқа шығарылатын максималды қуатты шегере отырып, станция жұмысының жылу режимімен ескерілген технологиялық минимумынан кем емес көлемде сатып алады;

3) қуатты ұстап тұру бойынша қызметті энергия өндіруші ұйымдар – су электр станцияларынан (бұдан әрі - СЭС) су электр станцияларының өзінің тұтынуын және шаруашылық қажеттілігін, өзінің максималды тұтынуын, экспортқа шығарылатын максималды қуатты шегере отырып, судың белгіленген шығындарын қамтамасыз ететін көлемде сатып алады;

4) қуатты қамтамасыз ету бойынша қызметті осы тармақтың 1) тармақшасында айқындалған көлемде көрсетеді. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүйелік операторға қуатты қамтамасыз ету бойынша қызметке тарифті табиғи монополиялар салаларындағы және реттелетін нарықтардағы басшылықты жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілейді;

5) жүктемені көтеруге әзір электр қуатының нақты бар болуын энергия өндіруші ұйымға жөндеулердің келісілген кестесіне сәйкес жоспарлы жөндеуге шығарылған қондырғылардың электр қуатын есепке ала отырып, қуатты ұстап тұру бойынша қызмет көрсетуге арналған шартпен айқындалған көлемге дейін генерациялауды арттыруға командалар беру арқылы қадағалайды.

30. Тұтынушылардың өз генерациялайтын көздерінің электр қуатын қоспағанда, тұтынушылар электр қуаты нарығына қуатты қамтамасыз ету

бойынша қызметті сатып алушы ретінде міндетті түрде қатысады.

31. Тұтынушылар 2015 жылғы бірінші қазаннан кешіктірмей жүйелік оператормен электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге шарт жасасады.

32. Электр қуатының жүктеме көтеруге әзірлігін қамтамасыз ету бойынша қызметті көрсетуге шарт жыл сайын ұзартылады.

33. Тұтынушылар жүйелік операторға электр энергиясын тұтынудың болжамды көлемі мен электр қуатының максималды көлемін жоспарлауды және ұсынуды жүзеге асырады.